

# **gorenje**



**Нан пеші**

**BM 1210 BK**

**Пайдалану жөніндегі басшылық KZ**

---



# ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ KZ

## Маңызды ескертулер

Аспапты қолданысқа енгізбес бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

1. Электрлік аспапты қолданбас бұрын әрқашан негізгі сақтық шараларын орындаңыз.
2. Нұсқаулықты, кепілдік парағын, сонымен қатар мүмкіндігінше ішкі қаптамасы бар қорапты сақтап қойыңыз!
3. Аспап коммерциялық қолдануға емес, тек жеке қолдануға ғана арналған.
4. Аспапты қолдануды бастамас бұрын электрлік желідегі кернеудің техникалық деректер жапсырмасында көрсетілгенге сәйкес келетінін тексеріңіз.
5. Аспап қолданылмайтын кезде, оған қосымша бөлшектерді орнату, оны тазалау кезінде, сонымен қатар ақаулар туындаған кезде әрқашан ашаны розеткадан ажыратыңыз. Аспапты алдын ала өшіріп алыңыз. Шнурдан емес, ашадан тартыңыз.
6. Балаларды электрлік аспапқа байланысты қауіптерден қорғау үшін оларды ешқашан аспаптың жанында қараусыз қалдырмаңыз. Сондықтан аспапты орнататын жерді таңдау кезінде балалардың оларға қатынай алмауын қадағалаңыз. Шнурдың аспаптан салбырап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
7. Аспап пен шнурдың бүлінбеуін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Бүлінулер болған кезде аспапты қолдануға тыйым салынады.
8. Аспапты өзіңіз жөндемеңіз, уәкілетті маманға хабарласыңыз.
9. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін істен шыққан немесе бүлінген ашаларды өндіруші ұсынған теңдей ашалармен біздің клиенттерге қызмет көрсету бөліміміз немесе басқа да білікті тұлғалар ауыстыруы тиіс.
10. Аспап пен шнурды жылу көзінен, тікелей түсетін күн сәулесінен, ылғалдан, өткір заттардан және т.б. алыста ұстаңыз.
11. Аспапты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз! Аспапты қолданбайтын кезде, тіпті ұзақ уақытқа болмаса да, оны өшіріп қойыңыз.
12. Тек түпнұсқа керек-жарақтарды ғана қолданыңыз.
13. Аспапты ғимараттан тыс қолданбаңыз.
14. Аспапты суға және басқа да сұйықтыққа салуға. Аспапты дымқыл немесе су қолмен ұстауға тыйым салынады.
15. Аспапқа сұйықтық немесе дымқыл тиген жағдайда оны тез арада розеткадан ажыратыңыз. Аспаптағы суға қолыңызды тигізбеңіз.
16. Аспап аспапта көрсетілген мақсатына сай ғана қолданылуы тиіс.

17. Аспапты бүлінген розеткаға тығуға тыйым салынады.
18. Аспаптың кез келген қозғалмалы немесе айналып тұратын бөлшектеріне қол тигізуге тыйым салынады.
19. Ыстық беттерге қолыңызды тигізбеңіз. Тұтқалар мен ұстағыштарды қолданыңыз.
20. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз. Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар қолдана алады; физикалық, сезімталдық және ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдар; құрылғымен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ және оны қалай қолдану керегін білмейтін адамдар тек бақылаумен және қауіпсіз қолдануды және оған байланысты қауіптерді қамтамасыз ететін адамдардың бақылауымен және басшылығымен ғана қолдана алады.
21. Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
22. Тазалауды және қызмет көрсетуді 8 жасқа толмаған балалар орындамауы не болмаса ересектердің бақылауымен жасауы тиіс.
23. Аспапты және оның желілік шнурын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
24. Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалау қажет.
25. Нанды алу үшін пісірмеге арналған қалыптың жоғарғы бөлігінен немесе жиегінен соқпаңыз, өйткені бұл қалыпты бүлдіруі мүмкін.
26. Аспапқа металл фольга және басқа да материалдар салуға тыйым салынады. Өрт немесе қысқаша тұйықталу қауіпі.
27. Аспапты сүлгімен және басқа да материалдармен жабуға тыйым салынады, өйткені бұл аспаптан жылу мен будың еркін шығуына кедергі келтіреді. Беті жабылған немесе жанғыш материалдармен байланысқа түсетін аспап өртке себеп болуы мүмкін.
28. Аспапты қауіпсіз пайдалану үшін аспапты қосымша уақыт релесіне жалғауға тыйым салынады.
29. Аспапты тазалау үшін бұмен тазалағыштарды, жоғары қысымды тазалағыштарды, өткір заттарды, абразивтік тазалау құралдарын, сонымен қатар абразивтік губкалармен дақ кетіргіштерді қолданбаңыз.
30. Желілік кабельдің шәйнек орнатылған үстелдің немесе жұмыс бетінің жиегінен салбырап тұрмауын қадағалаңыз.
31. Төтенше жағдайлар туындаған кезде ашаны жылдам ажырата алу үшін розетканың қатынау оңай жерге орнатылғанына көз жеткізіңіз. Не болмаса құрылғыны өшіргіш көмегімен өшіріп тастау мүмкіндігі болуы тиіс. Мұндай жағдайларда қауіпсіздік ережелері сақталуы тиіс. Құрылғы дұрыс орнатылған жерге тұйықталған розетканың көмегімен 230В/50Гц айнымалы токтың бір фазалы көзіне дұрыс жалғануы тиіс. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспап жерге тұйықталуы тиіс!
32. Аспапты қауіпсіз пайдалану үшін аспапты қосымша уақыт релесіне жалғауға тыйым салынады.
33. Шу деңгейі:  $L_c < 68$  дБ (А)

Бұл аспап Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қолдану туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (WEEE). Осы деректеме ЕО барлық елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

## Алғаш қолданар алдында

Пісірмеге арналған қалыпты тексеріңіз және пісіру камерасының қалған бөлшектерін тазалаңыз. Пісіруге арналған қалыптың күйге қарсы жабыны бар. Өткір заттарды қолданбаңыз және қырмаңыз! Пісірмеге арналған қалыпқа май жағыңыз және пісірмеге арналған бос қалыпты пешке 10 минутқа салыңыз. Қайтадан тазалаңыз. Илеу стержнін пісіру аймағындағы оське орналастырыңыз. Жағымсыз иіс пайда болған жағдайда бөлмені желдетіп алыңыз.

## Электр желісіне жалғау

Аспапты 230 В / 50 Гц есептелген, тиісті тәсілмен орнатылған қауіпсіз розеткаға ғана қосады. Аспапты электрлік розеткаға қосқаннан кейін дыбысты сигнал беріледі және дисплей экранында «1 2:55, 1200g, MEDIUM» жазбасы пайда болады. «2» және «55» сандары арасындағы қос нүкте тұрақты жыпылықтамайды. «1» санымен әдепкі қалпы бойынша орнатылған бағдарлама белгіленеді. Әдепкі қалпы бойынша параметрлер: «1200g» және «MEDIUM».

## ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

### Нан пешінің жалпы түрі



1. Қақпақ
2. Қақпақтың тұтқасы
3. Қарау терезесі
4. Пісіруге арналған қалып
5. Араластыратын қалақ
6. Басқару панелі
7. Корпус
8. Өлшейтін стакан
9. Өлшейтін қасық
10. Ілмек

# БАСҚАРУ ПАНЕЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(Трафареттік жазбалардың мазмұны алдын ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.)



1. Таңдалған бағдарлама көрсеткіші
2. Әр бағдарламаны орындау ұзақтығы.

## Старт/стоп

Пісірменің таңдалған бағдарламасын іске қосу және тоқтату үшін қолданылады.

Бағдарламаны іске қосу үшін **START/STOP** батырмасын басыңыз. Қысқа дыбысты сигнал беріледі және уақыт дисплейіндегі екі нүкте жыпылықтай бастайды, содан соң бағдарламаны орындау басталады. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін **START/STOP** батырмасынан басқа барлық батырмалар белсенді болмайды.

Бағдарламаны орындауды тоқтату үшін «**Старт/Стоп (START/STOP)**» батырмасын шамамен 3 с-қа басыңыз, содан соң бағдарламаның аяқталғанын білдіретін дыбысты сигнал беріледі.

## Мәзір (MENU)

Бағдарламаны таңдауға арналған. Бағдарлама әр басқан сайын өзгереді (қысқа дыбысты сигнал беріледі). Батырмаларды үзіп-үзіп басқан кезде СК-дисплейде 12 бағдарлама циклмен көрсетіледі. Бағдарламаны таңдаңыз. Төменде мәзірдің 12 бағдарламасы сипатталған.

1. **Қарапайым нан (Basic)** ақ және ақ не болмаса қара ұннан дайындалған аралас нанға арналған. Нан тығыз консистенцияға ие. **Түс (Colour)** функциясын қолдану арқылы нанға қоңыр түс беруге болады.
2. **Француз пісірмесі (French)** жұқалап ұсақталған ұннан дайындалған жеңіл нанға арналған. Француз наны керемет қоңыр қытырлақ қабық алу үшін уақыт пен температураның ерекше режимін талап етеді. Құрамында сары май, майонез және сүт бар рецепттерге арналмаған.
3. **Бүтін дәнді нан (Whole wheat)** бүтін дәнді ұннан дайындалған нан – бұл еленбеген бидай ұнның елеулі порциясын қолданатын ашытқылы нан (50% және одан да көп). Мұндай нан айтарлықтай нәрлі болады, өйткені ұн бидай дәнінің өзегінен (жармалар мен өскіндерді қоса алғанда) ұсақталған. Бүтін дәнді ұнды қолдану нанға қоңыр немесе қара-қоңыр түс береді, бұл нан қарапайым нанға қарағанда денсаулыққа пайдалырақ әрі хошіісті.
4. **Жылдам пісіру (Quick)** бөлше өлшемі мен пісірмені ұстау уақыты реттелмейді. «**Basic bread**» бағдарламасын орындау кезіндегіге қарағанда қамырды илеу және көтерілдіру, бөлкені пісіру уақыты аз. Дегенмен, осы баптауды қолдану кезінде піскен нанның әдетте өлшемі кішкентай және жұмсағы тығыз болады.
5. **Тәтті пісірме (Sweet)** бұл бағдарлама баптаулары құрамында қанты, майы және ақуызы көп нанды пісіруге мүмкіндік береді. Мұндай нанның қабығы қоңыр болады. Илеудің ұзаққа созылатын фазасы нанды жұмсақ әрі үлпілдек етеді.
6. **Ультра-жылдам (Ultra fast)**: уақытты кідіртуді орнатуға болмайды. Өте қысқа уақыт кезеңінде қамырды илеу және көтерілдіру, пісіру. Мұндай нан **Quick** бағдарламасы бойынша дайындалған нанға қарағанда өлшемі бойынша кішірек әрі тығызырақ болады.
7. **Өсімдік ақуызысыз (Gluten free)**: Құрамында өсімдік ақуызы (глютен) жоқ нан ерекше компоненттерге ие. Дегенмен бұл нан “ашытқы қосылған нан” категориясына жатады, оның қамыры құмақ қамырына көбірек ұқсайды. Мұндай қамырды көп ұстап қоймау және илеуді уақытылы тоқтату маңызды. Мұндай қамыр бір рет көтеріледі және пісіру уақыты қамыр ылғалдығының жоғары болуы есебінен артады. Барлық қоспаларды қамырға илеудің ең басында қалған ингредиенттермен бірге қосыңыз.
8. **Қамыр (Dough)**: бөлше түсі мен өлшемінің баптаулары қолданылмайды. Қамырды илеу және көтерілдіру, бірақ пісірмеу. Қамыр алынады және бөлше, пицца, буланған нан пісіру үшін қолданылады.

9. **Джем (Jam):** бөлкенің түсін, өлшемін баптау және уақытты кідірту қолданылмайды. Бағдарламаны бастағанға дейін **START/STOP** батырмасын бірден басыңыз. Нан пешінде керемет джем м конфитюрді дайындаңыз! Қалақ ингредиенттерді джемді не болмаса конфитюрді - нанға керемет толықтыру - дайындаудың барлық процесі барысында араластыратын болады.
10. **Тәтті нан (Cake):** илеу, көтерілдіру және пісіру, бірақ сода не болмаса асхана ұнтағы көмегімен көтерілдіру.
11. **Сэндвич (Sandwich):** қабығы жұқа болатын жеңіл нанды илеу, көтерілдіру және пісіру
12. **Пісірме (Bake):** бөлше өлшемінің және уақытты кідірту баптаулары қолданылмайды, бірақ бағдарлама уақытын **“TIME +”** or **“TIME –”** батырмаларын басу арқылы өзгертуге болады. Бір рет басу арқылы дайындау уақытын 1 минутқа көбейте немесе азайта аласыз. Уақытты 10 және 60 минут аралығындағы реттеуге болады. Бұл бағдарламаны жеткілікті піспеген нанды қамырын илемей және көтерілдірмей қосымша пісіру үшін қолдануға болады.

## Түс (Color)

Бұл батырмамен қабығының түсі таңдалады: **ақшыл (LIGHT)**, **орташа (MEDIUM)** немесе **күңгірт (DARK)**. Әр басқан сайын қысқа дыбысты сигналды естисіз. Бұл функция тек **BASIC, FRENCH, WHOLE-WHEAT, QUICK, SWEET, ULTRA FAST, GLUTEN FREE, CAKE, SANDWICH** және **BAKE** бағдарламаларында ғана қолданылады.

## Бөлше (Loaf)

Осы батырманы басу арқылы бөлше өлшемі таңдалады. Жұмыс циклінің ұзақтығының бөлше өлшеміне байланысты өзгеруі мүмкіндігін назарға алыңыз. Осы батырманы басу арқылы бөлше өлшемі таңдалады: **900 гр. (900g)**, **1200 гр. (1200g)** — қажетті өлшемді таңдағаннан кейін ол LCD-дисплейде көрсетіледі. Бөлкенің өлшемін таңдау бағдарламалардың барлығына бірдей қолданылмайды. Бағдарламалардың толық сипаттамасы жоғарыдағы «Мәзір» бөлімінде берілген.

## Уақыт (Time)

Егер дайындау процесін тез арада бастамайтын болсаңыз, бұл батырмамен кідірту ұзақтығын орнатуға болады және аспап тағайындалған уақыттан кейін пісіруді бастайды.

Кідіріс функциясын орнатыңыз.

1. Мәзірдің, бөлкенің түсі мен өлшемін таңдаңыз.
2. **Уақыт (“TIME +” or “TIME –”)** батырмасын басу арқылы кідіріс ұзақтығын орнатыңыз. Кідірту уақыты мәзірдің таңдалған бағдарламасының ұзақтығын қосуы тиіс. Мысалы, қазір кешкі 8:30 және нан таңғы 7:00 -де дайын тұруы тиіс, Бұл жағдайда кідірту ұзақтығы 10 с 30 минутты құрайды. Дисплейде 10:30 мәні көрсетілгенге дейін **Уақыт (“TIME +” or “TIME –”)** батырмасын басыңыз. Әр басқан сайын уақыт мәні 10 минутқа артады.
3. Бағдарламаны іске қосу үшін **«Стоп/Старт» (STOP/START)** батырмасын басыңыз. Нүкте жыпылықтай бастайды, ал **LCD-дисплейде** қалған уақытта санау көрсетіледі.

**Ескертпе:** кідірістің максималды уақыты - 13 сағат. Стартты кейінге қалдыруды қолдану кезінде жылдам бұзылатын өнімдерді қолданбаңыз, мысалы, жұмыртқа, балғын сүт, жеміс-жидек, пияз.

## ҚЫЗДЫРУ

Пісіруден кейін суып қалмау үшін бір сағат ішінде нан автоматты түрде қыздырыла алады. Қыздыру бағдарламасын орындау кезінде нанды шығарып алу мақсатында оны өшіру үшін «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басыңыз.

**Ескертпе:** Қамыр (DOUGH) және Жем (JAM) бағдарламаларының қыздыру функциясы бар.

## ЖАДЫ

Егер нан дайындау кезінде қорек өшіп қалған болса, электр энергиясын беру 10 минут ішінде қалпына келтірілген жағдайда бағдарлама «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын баспай-ақ автоматты түрде жалғаса береді. Егер қорек 10 минуттан артық уақыт берілмейтін болса, деректер жадыға сақталмайды, соның салдарынан қамырды қайта илеу және нан пешін қайта іске қосу қажет болады. Дегенмен, егер қамыр қоректі өшірген кезде көтерілуді бастамаса, «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басу арқылы бағдарламаны басынан бастап орындауды іске қосуға болады.

## ҚОРШАҒАН ОРТА


Аспап температураның ауқымды диапазонында жұмыс жасауға арналған, бірақ нан өнімдерінің өлшемінің түрлі болатынын есепке алу қажет. Пісірме өлшемі өте жылы бөлмеде үлкен және салқын бөлмеде кішкене болады. Бөлме температурасының ұсынылатын диапазоны — 15° және 34°C аралығында.

## ДИСПЛЕЙДЕГІ ЕСКЕРТУЛЕР:

1. «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басқаннан кейін дисплейде «Н НН» көрсетілсе, аспап ішіндегі температура әлі де өте жоғары. Бұл жағдайда бағдарламаны орындауды тоқтатыңыз. Қапқақты ашып, аспапты 10-20 минут суытып алыңыз.
2. Егер «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басқаннан кейін дисплейде «L LL» көрсетілсе, аспап ішіндегі температура өте төмен. Бағдарламаны орындауды тоқтатыңыз. Қапқақты ашып, аспапты 10-20 минут суытып алыңыз.
3. «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басқаннан кейін дисплейде «E E0» немесе «E E1» көрсетілсе, температуралық датчик бұзылған. Сервис орталығына хабарласыңыз.

## НАН ПІСІРУ

1. Пісіруге арналған қалыпты жұмыс күйіне орнатыңыз және сырт еткен дыбыс шыққанға дейін сағат тілі бағытында бұраңыз. Илеу қалағын жетекті білікке бекітіңіз. Қамырдың илеу қалағына жабыспауы және оларды наннан жеңіл бөліп алу үшін оларды маймен майлау ұсынылады.
2. Ингредиенттерді пісірмеге арналған қалыпқа салыңыз. Әрекеттердің рецептке көрсетілген тізбегін ұстаныңыз. Әдетте су немесе сұйықтық бірінші құйылады, содан соң қант, тұз бен ұн қосылады, ал ашытқы мен қопсытқыш соңынан қосылады.



Ашытқы немесе сода

Құрғақ ингредиенттер

Су немесе басқа да сұйықтық



**Ескертпе:** Ұн мен ашытқының максималды мөлшері рецепте көрсетілген.

3. Ұнның бетінде сәл ғана шұңқыр жасап алып, оған ашытқыны себіңіз, бұл ретте ашытқының сұйықтықпен және тұзбен араласпауын қадағалаңыз.
4. Қақпақты ақырын жабыңыз және желілік шнурды электр желісінің розеткасына қосыңыз.
5. «МӘЗІР» (MENU) батырмасын басу арқылы қажетті бағдарламаны таңдаңыз.
6. «ТҮС»(COLOR) батырмасын басу арқылы қабығының қажетті түсін таңдаңыз.
7. «БӨЛКЕ»(LOAF) батырмасын басу арқылы бөлкенің қажетті өлшемін таңдаңыз.
8. «УАҚЫТ» (“TIME +” or “TIME —”) батырмасын басу арқылы стартты кейінге қалдыруға орнатыңыз. Егер нан пешін бірден іске қосу қажет болса, бұл қадамды өткізіп жіберуге болады.
9. Аспапты іске қосу үшін «Старт/Стоп» START/STOP батырмасын басыңыз.
10. Процесс аяқталған соң 10 дыбысты сигнал беріледі. Бағдарламаны аяқтау және нанды алу үшін «Старт/Стоп» (START/STOP) батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Қақпағын ашыңыз және қармауыштар көмегімен пісіруге арналған қалыпты сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз және оны аспаптан шығарып алыңыз.

**Ескертпе:** Пісіруге арналған қалып пен нан өте ыстық болуы мүмкін! Абай болыңыз.

11. Нанды алмас бұрын пісіруге арналған қалыпты суытып алыңыз. Содан соң күйге қарсы жабыны бар қалақ көмегімен нанды пісіруге арналған қалыптан ақырын босатып алыңыз.
12. Пісіруге арналған қалыпты торға немесе таза асхана үстеліне төңкеріп, нан бөлініп түскенге дейін ақырын сілкіп жіберіңіз.
13. Кесу алдында нанды шамамен 20 минут суытып алыңыз. Нанды жеміс жидектерге арналған пышақпен немесе қарапайым асхана пышағымен емес, электрлік кескішпен немесе нанға арналған пышақпен кесу ұсынылады, өйткені нанның пішімі өзгеруі мүмкін.
14. Егер бағдарламаны аяқтау сәтінде аспапты өшірмесе және START/STOP батырмасын баспаса, нан бір сағат бойы автоматты түрде қыздырылып тұрады, содан соң 10 дыбысты сигнал беріледі.
15. Аспап қолданылмаған кезде немесе пісіруді аяқтағаннан кейін желілік шнурды розеткадан ажыратыңыз.

**Ескертпе** Нанды кеспес бұрын одан араластыратын қалақты ілмек көмегімен алып тастаңыз. Нан ыстық, сондықтан араластыратын қалақты жалаң қолмен ұстамаңыз.

**Кеңес** Нанды бүтін пластик пакетте немесе ыдыста сақтау ұсынылады. Бөлме температурасында нан үш күн бойы сақталады. Ұзағырақ сақтау үшін бүтіндеп жабылған пластик пакетке немесе ыдысқа салыңыз, содан соң тоңазытқышқа салады, бұл жерде оны он күнге дейін сақтауға болады. Ұй нанына консерванттар қосылмайтын болғандықтан, әдетте оны сақтау мерзімі зауытта пісірілген нанға қарағанда аз болады.

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Аспапты тазалауды бастамас бұрын оны электр желісінен ажыратыңыз.

1. Пісіруге арналған қалып: Іші мен сыртын дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Өткір заттарды және абразивтік құралдарды қолданбаңыз.
2. Илеу қалағы: Егер илеу қалағын осыған ағытып алу мүмкін болмаса, пісіруге арналған қалыпқа су құйыңыз.
3. Корпусы: Сорғының сыртқы бетін дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Абразивтік құралдарды қолданбаңыз, бұл жылтыраған бетті зақымдауы мүмкін. Корпусты тазалау үшін ешқашан суға батырмаңыз.

Ескертпе: тазалау үшін қақпағын алмаңыз.

4. Нан пешін сақтау үшін қаптау алдында аспаптың қолданудан кейін салқындағанына, таза әрі құрғақ екеніне, ал қақпағының тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Бұл аспап ЕО төмен вольтты жабдықтардың радиотолқындарын басу және қауіпсіздік жөніндегі директиваларына сәйкес келеді, қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы талаптарды сақтай отырып дайындалған.

## **Қоршаған ортаны қорғау**

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

## **Кепілдік және сервистік қызмет көрсету**

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Сатып алушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз (орталық телефонының нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер мұндай орталық еліңізде болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларды қолдау бөліміне хабарласыңыз.

Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

**Тек үйде қолдануға арналған!**

**Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы.**



**GORENJE КОМПАНИЯСЫ  
АСПАПТЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ БАРЫНША ЛӘЗЗАТ АЛУДЫ ТІЛЕЙДІ!**

**Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!**